

Таблица.1

Клиническая эффективность Л-цета и Кларитина у больных с АД.

Результат лечения	Л-цет (n= 24)	Кларитин (n= 14)
Ремиссия	10 (41,7 %)	4(28,6 %)
Уменьшение клинических симптомов	11 (45,8 %)	7 (50,0 %)
Лечение неэффективно	3 (12,5 %)	3 (21,4%)

Ремиссия сохранялась на протяжении 3 месяцев после отмены препарата. У 45,8% больных АД положительный клинический эффект проявлялся в виде улучшения общего состояния, уменьшения зуда и воспаления кожи. Сравнительный анализ показал, что у больных АД применение Л-цета клиническая ремиссия достигалась в 1,5 раза чаще, чем у больных контрольной группы.

Переносимость Л-цета была хорошей, не было отмечено побочных действий препарата.

Таким образом, применение Л-цета было эффективно у 87,5% больных АД и сопровождалось клинической ремиссией со стороны кожи. Л-цет обладает вы-

сокой биодоступностью и в наших наблюдениях отсутствием побочных явлений

Литература:

1. Балаболкин И.И. и др. Терапевтическая эффективность зиртека при лечении аллергических заболеваний у детей // Педиатрия, 2004. - С. 47-51
2. Кунельская Н.Л., Лучшева Ю.В. Аллергический ринит: современная терапия. Справочник поликлинического врача. – 2008. - № 6. – С. 21-23
3. Инструкция по медицинскому применению Л-цета.

ТҰжырым

АЛЛЕРГИЯЛЫҚ ДЕРМАТИТТЕРДІҢ ЕМІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН Л-ЦЕТ (ЛЕВОЦЕТИРИЗИН) ПРЕПАРАТЫ

Г.Ж. Абдрахманова, Ф.Ф. Ягофаров, Н.К. Кудайбергенова, Д.Б. Козубаева, М.Р. Зенкович, А.Т. Маликова
Семей қаласының Мемлекеттік медицина университетінің медицина орталығы

Семей қаласының Мемлекеттік медицина университеті

Аллергиялық дерматитпен ауыратын 24 науқасқа Л-цеттің клиникалық нәтижелігі тексерілді. Л-цет препаратының нәтижелігі 21 (87,5%) науқаста байқалды, қалған 3 (12,5%) науқаста клиникалық нәтиже байқалған жоқ.

Негізгі сөздер: Л-цет, аллергиялық дерматит (АД), антигистаминді препараттар.

Summary

L-CET (LEVOCETIRIZIN) IN TREATMENT ALLERGIC DERMATITIS

G.Z. Abdrahmanova, F.F. Jaqofarov, N.K. Kudajbergenova, D.B. Kozubaeva, M.R. Zenkovich, A.T. Malikova
Medical Center State Medical University of Semey

Semey State Medical University

Investigated clinical efficiency L-цета at 24 patients allergic дерматитом. Therapy by preparation L-цет has appeared effective at 21 (87,5 %). It is noted clinical effect at 3 (12,5 %) by patients.

Key words: L-cet, allergic dermatitis (AD), antihistaminies preparations.

УДК 616.9-078

К.Н. Тусупова

Семей қаласының Мемлекеттік медицина университеті,
Апат медицинасы және жұқпалы аурулар кафедрасы

САЛЬМОНЕЛЛЕЗ НАУҚАСТАРЫНЫҢ ӨТУ НҰСҚАЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ
КЛИНИКАЛЫҚ КӨРІНІСТЕР СИПАТТАМАСЫ

Сальмонеллездің түрлі варианттарымен ауырған 150 науқастың сырқаттарының клиникалық өту ерекшеліктері зерттелген. Барлық науқастардың диагноздары бактериологиялық және эпидемиологиялық мәліметтермен дәлелденген. Клиникалық ерекшеліктері анықталған.

Негізгі сөздер: сальмонеллез, клиника, варианттар, ерекшеліктер.

Мәселенің өзектілігі. Сальмонеллез күні бүгінге дейін кең тараған алиментарлы зооноздардың бірі болып, әлемнің көптеген елдері үшін экономикалық зиян келтіріп отыр. Соңғы жылдары ТМО елдерінде сальмонеллезбен сырқаттану деңгейі жоғарылап отыр, соның ішінде Қазақстанда да, атап айтқанда, жыл сайын жедел ішек инфекцияларының арасында үлес салмағы 20% құрайды. Сондықтан да сальмонеллез

инфекциясының өту барысын зерттеу біздің алдыға қойған мақсатымыз болып табылды.

Сальмонеллезбен ауырған 150 науқас зерттелді, жастары 19 жастан 54 жасқа дейін, орташа 37,5±0,9 жас құрайды. Ер адамдар саны 84 (56,0%), әйел адамдар – 66 (44,0%). Сальмонеллез диагнозына тән клиникалық көрініс, эпидемиологиялық белгілер және барлық науқастарда нәжісінен (100%) және 1,3%-

жағдайда қанынан сальмонеллалардың бөлінуі негізінде қойылды, сонымен қатар, пассивті гемагглютинация серпілісінде ұлғаймалы титрде арнайы антиденелер (РПГА) 36,0% науқастарда анықталды.

Сальмонеллездің гастроинтестинальды түрі әдеттегідей жедел басталды (100%), жиі интоксикация синдромымен (55,3%), соңынан асқазан ішек жолының зақымдану белгілерінің қосылуы ($5,8 \pm 0,4$ сағаттан кейін) анықталды. Сирек жағдайда ауру диспепсиялық белгілерден басталды (41,3%), ал интоксикация белгілері кешірек ($5,2 \pm 0,3$ сағаттан кейін) қосылды. 3,4% науқастарда бұл белгілер бір уақытта пайда болды.

Сальмонеллездің гастроэнтеритикалық нұсқасында аса жиі интоксикация симптомдарынан қалтырау байқалған (93,4%), орташа ұзақтығы $3,8 \pm 0,3$ күн. Дене қызуы жиі $38,0-39,9$ С (67,1%), сирек $37,9$ С (18,4%) және 40 С жоғары (14,5%). 46,1% науқастарда дене қызуының жоғарылауы қалтыраумен және 11,8% терлеумен бірге жүрген. Сальмонеллездің бұл нұсқасында интоксикация синдромы: жалпы әлсіздік (90,8%), тәбетінің төмендеуі (67,1%), адинамия (52,6%), сирек бас ауырсынуы (35,5%) және бас айналу (9,2%).

Асқазан ішегінің бұзылуының аса жиі клиникалық белгілері: диарея (100%), іштегі ауырсыну (97,4%), жүрек айну (88,2%) және бір немесе көп реттік құсу (68,4%). Іш өту орташа $8,1 \pm 0,5$ тәулігіне және барлық науқастарда нәжісінің түрі – сұйық, көп мөлшерде, сасық, «болотная тина» түсті. Іштегі ауырсыну көп науқастарда (71,1%) ұстама тәрізді, 26,3% науқастарда үнемі және орналасуы жиі оң жақ мықын аймақта (18,4%) және кіндік маңы (10,5%) аймақта және сирек эпигастрийде (9,2%). 59,2% науқастарда ауырсыну жайылған. 25,0% науқастарда іштің шұрылдауы, іштің көбуі – 19,7% байқалды. 5,3% науқастарда шамалы бауыр ұлғаюы байқалды.

Сальмонеллездің гастроэнтеритикалық нұсқасында сусыздану синдромы шырышының құрғақтығымен (82,9%), шөлдеумен (10,5%), тері тургорының төмендеуімен (7,9%), акроцианозбен (5,3%) және тырысумен (2,6%) көрінді.

Сондай-ақ, сальмонеллездің гастроэнтероколиттік нұсқасында (98,6%) қалтырау байқалған, 70,3% науқастарда одене температурасы $38,0-39,9$ С, ал

17,6%-да $37,9$ С шамасында, тек 12,1% науқастарда дене қызуы 40 С-тан жоғары болған.

Осы нұсқаның интоксикация синдромының клиникалық көрінісі (85,1%) жалпы әлсіздік, (74,3%) қалтырау, (62,1%) тәбетінің төмендеуі, (25,7%) адинамия, (29,7%) бас ауырсынуы және (9,5%) бас айналумен көрінді.

Гастроэнтероколиттік нұсқада асқазан ішек жолының зақымдануы іштегі ауырсынумен (94,6%), жүрек айнумен (64,9%), жиі көп реттік құсумен (58,1%) және сальмонеллездің гастроэнтеритикалық нұсқасымен салыстырғанда аса айқын ($13,2 \pm 0,7$ рет тәулігіне) диареямен көрінген. Науқастардың көбінде (78,4%) аурудың алғашында нәжіс энтеритті, содан соң 1,5-2 тәуліктен кейін лайланған және патологиялық қоспалармен пайда болады (шырыш және қан). Науқастардың көбінде (91,9%) іштегі ауырсыну ұстама тәрізді және тек 2,7% үнемі. Ауырсыну көбінесе кіндік маңы аймағында (33,8%), эпигастрий (31,1%) және сол жақ мықын аймағында (20,3%), сирек оң жақ мықын аймағында (8,1%) және іштің барлық аймағында (1,4%) байқалды. Жалған шақырулар және тенезмдер бір мезгілде 21,6% науқастарда байқалған, тығыз ауырсынатын сигма тәрізді ішек 55,4% анықталды. Науқастардың 14,9% ішінің шұрылдауы, 17,6% - шамалы бауыр ұлғаюы байқалған.

Сальмонеллездің бұл нұсқасында сусыздану синдромы аз деңгейде және шырышының құрғауымен (10,8%), шөлдеумен (6,8%) және тургорының төмендеуімен (6,8%) көрінген.

Қорытындылай келе, жүргізілген зерттеу барысында сальмонеллез диагнозы негізгі клиникалық көріністерге, эпидемиологиялық мәліметтерге және барлық науқастардың 100% нәжісінен, 1,3% қаннан сальмонеллалар бөлу мәліметтеріне негізделіп қойылды. Бөлінген сальмонеллалар ішінде *Salmonella enteritidis* (49,3%) басым болды, одан сирек *Salmonella typhimurium* (44,0%) және *Salmonella newport* (4,7%) кездесті.

Әдебиеттер:

1. Дүйсенова А.К. Зоонозды инфекциялар: оқу әдістемесі / А. К. Дүйсенова. - Алматы: Эверо, 2009. - 169 с.

Резюме

КЛИНИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА РАЗЛИЧНЫХ ВАРИАНТОВ САЛЬМОНЕЛЛЕЗА

К.Н. Тусупова

Государственный медицинский университет города Семей

Исследованы особенности клинического течения различных вариантов гастроинтестинальной формы сальмонеллеза у 150 больных в возрасте от 19 до 54 лет. У всех больных диагноз был подтвержден бактериологически и эпидемиологически. Выявлены клинические особенности.

Ключевые слова: сальмонеллез, клиника, варианты, особенности.

Summary

CLINICAL CHARACTERISTIC OF DIFFERENT VARIANTS OF SALMONELLOSIS

K.N. Tusupova

Semey State Medical University

Clinical course of different variants of gastrointestinal form of salmonellosis are studied in 150 patients in age from 19 till 54 years with salmonellosis. All diagnosis were confirmed by bacteriological and epidemiological dates. Clinical specific features are revealed.

Ключевые слова: salmonellosis, clinic, variants, specific features.